

Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 10 сәуір N 90. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.02. N 465 Заңымен. ~Z990465

Осы Заң сыртқы қарыз алуды жүзеге асыру процесінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың мемлекеттік сыртқы қарыздарды тарту, игеру және өтеу жөніндегі, мемлекеттік сыртқы борышты, мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты қоса мемлекеттік емес борышты басқару жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыруы кезінде туындайтын қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасы резиденттерінің қарызға алынған қаражатты тартуға, игеруге және қайтаруға қатысты құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

1 - тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

жалпы сыртқы қарыз - белгілі бір күнде игерілген және өтелмеген мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы қарыздар сомасы;

сыртқы қарыз - шетелдік несие беруші - қарыз беруші, ал Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасының резиденті қарыз алушы болатын қарыз қатынасы;

сыртқы қарыз алу - қарыз қаражатын тарту қажеттігі туралы шешімдер қабылдауды, шетелдік несие берушілермен келіссөздер жүргізуді, қарыз бойынша тиісті құжаттарға қол қоюды, қарыз шартын бекітуді (мемлекеттік сыртқы қарыз алу жағдайында), қарыз қаражатын алуды, есептеуді және пайдалануды, сондай-ақ алынған қаражатқа қызмет көрсетуді және оларды өтеуді қамтитын процесс;

ішкі қарыз алушы (түпкі қарыз алушы) - Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Ұлттық Банкінен қарыз ресурстарын алушы Қазақстан Республикасының резиденті;

мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш - белгілі бір күнде игерілген және өтелмеген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздар сомасы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі - қарыз алушы өзінен

алынатын сомасы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің несие беруші алдында берешекті толық немесе ішінара өтеуге алған міндеттемесі;

мемлекеттік сыртқы борыш - белгілі бір күнде игерілген және өтелмеген мемлекеттік сыртқы қарыздар сомасы;

мемлекеттік сыртқы қарыз - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық Банкі арқылы Қазақстан Республикасы қарыз алушы болып табылатын сыртқы қарыз қатынасы;

борыштық бағалы қағаз - бағалы қағаз түрі, ол өзін ұстаушының оны шығарған тұлғадан онда көзделген мерзімде борыштық бағалы қағаздың атаулы құнын немесе өзге де мүліктік эквивалентін алу құқығын куәландырады. Борыштық бағалы қағаз өзін ұстаушыға оның атаулы құнынан сыйақы (мүдде) алу құқығын не өзге мүліктік құқық беруі де мүмкін;

шетелдік несие берушілер - шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және Қазақстан Республикасының резиденттері емес несие берушілер;

қарсы кепілдік - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетелдік несие беруші алдындағы кепілдік міндеттемелерін орындауы нәтижесінде пайда болған берешекті заңды тұлғаның толық және ішінара өтеуге Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы міндеттемесі;

мемлекеттік борыш лимиті - Үкімет сыртқы және ішкі рыноктарда алған қарыз капиталы мен өтелмеген қарыздың жыл сайын республикалық бюджетте бекітіліп отыратын тіркелген сомасы, қаржы жылының аяғындағы мемлекеттік борыш одан аспауға тиіс;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдіктерінің лимиті - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің құрамында бекітілетін тіркелген сома, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сол сома шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беруі мүмкін;

сыртқы борыш мониторингі - сыртқы борыштың қалыптасуын, өзгеруін және оған қызмет көрсетуді қадағалау мен бақылау жөнінде соған уәкілетті органдар арқылы мемлекет атқаратын қызмет;

мемлекеттік емес сыртқы борыш - белгілі бір күнде игерілген және өтелмеген мемлекеттік емес сыртқы қарыздар сомасы;

мемлекеттік емес сыртқы қарыз - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкін қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденттері қарыз алушы болып табылатын сыртқы қарыз қатынасы;

сыртқы қарызға қызмет көрсету - банк-агенттің қарыз қаражатын қарыз алушының шотына есептеу және қарыз алушының сыртқы қарызда белгіленген шарттармен сыйақыларды (мүдделерді), комиссиялық алымдарды және басқа да төлемдерді жұмсауға, өтеуге және төлеуге байланысты төлемдерді жүзеге асыру

ж ө н і н д е г і

қ ы з м е т і ;

мемлекеттік сыртқы борышқа қызмет көрсету - белгілі бір кезеңдегі мемлекеттік борыш бойынша негізгі борышты, сыйақыларды (мүдделерді), комиссиялық алымдар мен айыппұлдарды өтеудің жиынтық төлемдері;

мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін экономиканың басым секторлары бойынша мемлекеттік қаражатты және/немесе мемлекет тартатын, соның ішінде мемлекет кепілдік бере отырып тартатын қаражатты инвестициялау бағдарламасы;

мемлекеттік сыртқы борышты басқару - мемлекеттік өзі уәкілдік берген органдар арқылы ұтымды (тиімді) сыртқы қарыз алуды қамтамасыз ету және болашақ кезеңдердегі төлем балансының макроэкономикалық қиындықтары мен проблемаларын болғызбау мақсатында сыртқы қарыздарға қызмет көрсету құнын оңтайландыру ж ө н і н д е г і қ ы з м е т і ;

өтініш жасаушы тұлға - өзі қарыз алушы болатын мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру жөнінде өтініш жасаған Қазақстан Республикасының резиденті.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.07.11. N 154

З а ң ы м е н . Z 9 7 0 1 5 4 _

2-бап. Қазақстан Республикасының сыртқы қарыз алу туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының сыртқы қарыз алу туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің және осы Заңның нормалары мен басқа да заң және өзге нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы Бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының сыртқы қарыз алу туралы заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Сыртқы қарыздың түрлері мен нысандары

1. Сыртқы қарыздар мынадай түрлерге бөлінеді:
Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздарынан және

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сыртқы қарыздарынан тұратын мемлекеттік сыртқы қарыздар;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздар;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі жоқ мемлекеттік емес сыртқы қарыздар.

2. Сыртқы қарыздар мынадай нысанда болуы мүмкін:

сыртқы қарыздар туралы шарттар;

борыштық бағалы қағаз.

4-бап. Сыртқы борыштың жай-күйі туралы

мәліметтердің жариялылығы

Қазақстан Республикасы жалпы және мемлекеттік сыртқы борыштарының ағымдағы жай-күйі туралы, сыртқы қарыз бойынша алынған қаражаттың сомасы және олардың пайдаланылуы туралы, сыртқы борышты өтеу есебіне, төленген қаражат сомасы туралы, сондай-ақ мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының берілген мемлекеттік кепілдіктері және осындай кепілдіктер бойынша төленген қаражат сомалары туралы мәліметтер ашық мәліметтер болып табылады және оларды уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік статистикалық есеп беру нысанында жыл сайын жариялап отыруға т и і с .

5-бап. Мемлекеттік органдардың сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару саласындағы өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының парламенті республикалық бюджетті бекіту және мемлекеттік қарыз мәселелері бойынша халықаралық шарттарды бекіту жөніндегі өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясы жүктеген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жыл сайын ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін алдағы 10 жылдық кезеңге арналған қарыз алу бағдарламасын қабылдайды, Қазақстан Республикасының қарыз алуы соған сәйкес мемлекеттік бюджет саясатын ескере отырып жүзеге асырылады ;

2) Үкіметтің сыртқы қарызды тартуы қажет екені туралы шешім қабылдайды, шетелдік несие берушілермен келіссөздер жүргізу, қарыз бойынша тиісті құжаттарға қол қою, қарыз қаражатын алу, есептеу және пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарызына қызмет көрсету және оларды өтеу тәртібін белгілейді, мемлекеттік сыртқы борышты басқаруды ұйымдастырады ;

3) кезекті қарыз жылына арналған республикалық бюджет жобасының құрамында осы бюджетке түсетін мемлекеттік сыртқы қарыздың, берілетін кепілдіктер лимиттерінің сомасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышына қызмет көрсетуге арналған қаражат сомасын белгілейді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдардың мемлекеттік сыртқы қарыз алу және мемлекеттік сыртқы борышты басқару саласындағы құзыретін белгілейді;

5) Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының мемлекеттік сыртқы қарыз алу және Үкіметтің сыртқы қарызы бойынша мемлекеттік сыртқы борышты басқару саласындағы қызметін жалпы үйлестіруді жүзеге асырады;

6) мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша кепіл болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы қарызы бойынша к е п і л д і к е т е а л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, Үкіметтің сыртқы қарызына қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

2) сыртқы қарызды тарту қажеттігі туралы шешім қабылдайды, шетелдік несие берушілермен келіссөз жүргізеді, қарыз бойынша тиісті құжаттарға қол қояды, қарыз қаражатын алып, оның есебін жүргізеді және оны пайдаланады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы қарыз қаражатына қызмет көрсетеді және оны қайтарады; осындай сыртқы қарыз бойынша мемлекеттік сыртқы борышты басқаруды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік кепілдігі жоқ мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша несие келісімдерін (шарттарын) тіркеу мен олардың мониторингін және Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышын бағалауды жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) экономикалық дамудың ұзақ мерзімді болжамы негізінде және мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын ескере отырып, алдағы 10 жыл кезеңге арналған қарыз алу бағдарламасын әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарыз қаражатын тарту қажеттігі туралы ұсыныстар енгізеді, шетелдік несие берушілермен келіссөз жүргізеді, сыртқы қарыз бойынша тиісті құжаттарға қол қояды, сыртқы қарыз қаражатын алады, оның есебін жүргізеді және пайдаланады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыз қаражатын қайтарады, мемлекеттік сыртқы борышты басқаруды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша мемлекеттік

кепілдіктерін береді және тіркейді;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, екінші деңгейдегі банктерге мемлекеттік және мемлекеттік кепілдігі бар, мемлекеттік емес сыртқы қарызға қызмет көрсетуге уәкілдік береді;

2-тарау. Мемлекеттік сыртқы қарыз алу

6-бап. Мемлекеттік сыртқы қарыз алу мақсаттары
Мемлекеттік сыртқы қарыз төлем балансын көтермелеу және республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін тартылады.

7-бап. Сыртқы қарыз міндеттемелеріндегі тұлғаларды ауыстыру

1. Қайта ұйымдастыру кезінде заңды тұлғаның - қарыз берушінің сыртқы қарыз міндеттемесі бойынша құқық сабақтастығы, сондай-ақ сыртқы қарыз міндеттемесі бойынша борышты аудару осы міндеттемелер бойынша құқықтары мен міндеттерін жаңа қарыз алушыға белгіленген тәртіппен міндетті түрде қайта ресімдей отырып жүзеге асырылады.

2. Қарыз қатынастары субъектісін және банк-агентті кез келген өзгерту мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып жүзеге асырылады.

8-бап. Мемлекеттік сыртқы қарыз алу субъектілері

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарызы бойынша қарыз берушілер - шетелдік несие берушілер, қарыз алушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы қарызы бойынша кепіл болуға құқылы. Мұндай кепілдіктер берудің шарттарын талаптар уағдаластық бойынша белгілейді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы резиденттерінің сыртқы қарызы бойынша кепілдіктер беруге құқығы жоқ.

9-бап. Мемлекеттік сыртқы қарызды алуды шектеу

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сыртқы қарыз алуды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады. Белгілі бір күнде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тартатын сыртқы қарыздың көлемі оның таза алтын-валюталық активтерінің 50 процентінен аспауы керек.

2. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөліністерінің жергілікті

өкілді және атқарушы органдарына, арнаулы экономикалық аймақтардың әкімшілік кеңестерін қоса алғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарына, соның ішінде олардың аумақтық бөлімшелеріне кез келген нысанда сыртқы қарыз алуды жүзеге асыруға тыйым салынады.

ЕСКЕРТУ. 9-бап өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.07.11. N 154
З а ң ы м е н . Z 9 7 0 1 5 4 _

10-бап. Қарыз қаражатын есепке алу мен пайдалану

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыз бойынша алынған қаражаты республикалық бюджетке есептеледі және бюджеттің атқарылуы тәртібімен пайдаланылады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы қарыз бойынша алған қаражаты Ұлттық Банктің балансында ескеріледі және оның жүргізетін ақша-несие саясатына сәйкес пайдаланылады.

3. Ішкі қарыз алушылар (түпкі қарыз алушылар) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Ұлттық Банкіне, мемлекеттік статистика органдарына сыртқы қарыздың пайдаланылуы және оған қызмет көрсету жөнінде мәліметтер беріп отыруға міндетті. Мәліметтер беру тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ұлттық Банкі және мемлекеттік статистика органдары белгілейді.

11-бап. Қарыз қаражатын пайдалану тәртібі

1. Мемлекеттік сыртқы қарыз бойынша алынған қаражат оның нысаналы мақсатына қарай тікелей өтемсіз пайдалану үшін бағытталуы немесе ішкі қарыз алушыларға (түпкі қарыз алушыларға) қайтарымдық негізде берілуі мүмкін.

2. Қарыз қаражатын өтемсіз пайдалану - бюджеттік шығыс жасау (қаржы бөлу) немесе оларды Ұлттық Банктің пайдалануы арқылы, ал қарыз қаражатын ішкі қарыз алушыларға (түпкі қарыз алушыларға) беру - мемлекеттік несие беру арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражаты тек мемлекеттік сыртқы қарыз шарттарында көзделген мақсаттарға ғана пайдаланылуға тиіс.

12-бап. Сыртқы қарыз қаражаты есебінен мемлекеттік несие беру

1. Сыртқы мемлекеттік қарыз бойынша түскен қаражат ішкі қарыз алушыларға (түпкі қарыз алушыларға) несие шарттары бойынша беріледі, ол бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық Банкі қарыз беруші болады.

2. Мемлекеттік несиелер өтелетін және нысанда несиелер болып табылады.

Несие қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылауды қарыз беруші заңдарда және шартта көзделген тәртіппен жүзеге асырады. Ішкі қарыз алушылардың (түпкі қарыз алушылардың) несие қаражатын нысаналы пайдаланбауы заңдарда және шарттарда көзделген салдарға әкеп соғады.

3. Мемлекеттік несиелерді ішкі қарыз алушыларға (түпкі қарыз алушыларға) берудің өзге ережелері, соның ішінде оларды қамтамасыз ету нысандары ш а р т п е н б е л г і л е н е д і .

3-тарау. Мемлекеттік емес сыртқы қарыз алу және Қазақстан Республикасының мемлекеттік к е п і л д і к т е р і

13-бап. Мемлекеттік емес сыртқы қарыз алу

1. Мемлекеттік емес сыртқы қарыз алуды Қазақстан Республикасының резиденттері кез келген мөлшерде, кез келген валюта түрінде және кез келген нысанда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді ескере отырып дербес жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік емес сыртқы қарыз Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылуы мүмкін.

14-бап. Мемлекеттік емес сыртқы қарыз алу субъектілері

1. Өз атынан шарт жасалатын Қазақстан Республикасының резиденттері мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша қарыз алушылар болады.

2. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің сыртқы қарыз алуды жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері жоқ мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша қарыз алушылардың - Қазақстан Республикасы резиденттерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

15-бап. Мемлекеттік емес сыртқы қарызды есепке алу

1. Мемлекеттік емес сыртқы қарыз алуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденттері мемлекеттік кепілдіктері бар сыртқы қарыз туралы шарттарын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде, мемлекеттік кепілдіктері жоқтарын - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде тіркеуі міндетті.

2. Төлем міндеттемелерін тауарлар жеткізілгеннен кейін, жұмыс атқарылып, қызмет көрсетілгеннен кейін кемінде 180 күннен кешіктірмей төлеу керек болатын ағымдағы сауда немесе есеп айырысу операциялары тіркеуге жатпайды.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзі тіркеген мемлекеттік емес

сыртқы қарыз бойынша жауап бермейді.

4. Жалпы сыртқы борышты бағалау үшін бағалы қағаздар рыногын реттейтін мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының резиденттері шығаратын, Қазақстан Республикасының резидент еместері ұстаушылар болып табылатын борыштық бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат береді. Қазақстан Республикасының резиденттері шығаратын борыштық бағалы қағаздарды есепке алу тәртібін бағалы қағаздар рыногын реттейтін мемлекеттік орган белгілейді.

16-бап. Мемлекеттік емес сыртқы қарызға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру ережелері

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет құрамында бекітілген лимиттер шегінде беріледі.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру туралы өтінішті қанағаттандыруға сыртқы қарыз қаражатын инвестициялық жобаларға пайдалану және өтініш беруші тұлғаның Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен бұрын алынып, өтеу мерзімі келген сыртқы қарызын толық өтеген жағдайда жол беріледі.

3. Осы Заңның 19 және 20-баптарындағы талаптарға сәйкес келетін құжат қана Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының сыртқы қарыз шарттың және (немесе) оның ережелерін мақұлдайтын және (немесе) қарыз алушының төлем қабілетін растайтын, бірақ осы Заңның 19 және 20-баптарының талаптарына сай келмейтін ешбір актілерінің немесе өзге де құжаттарының, визаларының, бұрыштамаларының және (немесе) өкімдерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі күші болмайды.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру тәртібі мен ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Мемлекеттік емес сыртқы қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік берілгені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ақы алынады.

17-бап. Өтініш беруші тұлғаларға қойылатын жалпы талаптар

1. Өтініш беруші тұлғаларға мынадай талаптар қойылады:

- 1) заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті болу;
- 2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;
- 3) мемлекеттік тіркеуге жататын активтері немесе қарсы кепілдерге сыртқы

қарыздың қайтарылуын қамтамасыз ету ретінде қойылатын талаптарды қанағаттандыратын үшінші бір тұлғаның қарсы кепілдігі болуы;

4) осы Заңның 5-бабы 4-тармағының 4) тармақшасында аталған екінші деңгейді банкте сыртқы қарызға қызмет көрсетілетініне міндеттеме беру.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өтініш беруші тұлғаларға мемлекеттік емес сыртқы қарыздың және инвестициялық жоба тәуекелінің ережелеріне байланысты қойылатын қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

18-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қарыз қаражатын тарту есебінен қаржыландырылуға үміткер инвестициялық жобаларды іріктеу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері экономиканың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес сыртқы қарыз тарту есебінен қаржыландырылуы көзделіп отырған басым секторларының Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын бекітіп отыратын тізбесіне сәйкес беріледі. Бұл тізбе міндетті түрде жариялануға тиіс.

2. Егер өтініш беруші тұлғаның тиісті несие рейтингі болса және инвестициялық жоба бойынша кепілді міндеттемені тиісінше қамтамасыз ететін болса не осындай жоба бойынша үшінші тұлғаның тиісті қарсы кепілдігі болса, өтініш беруші тұлға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру туралы тікелей сұрауға х а қ ы л ы .

Несие рейтингінің деңгейін, рейтинг агенттіктерінің тізімін және қарсы кепілдерге қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптар болмаған жағдайда, сыртқы қарыз алу шарттары бойынша қаржыландырылуды талап ететін инвестициялық жоба жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін алу үшін берілетін өтініштерді Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі қабылдайды.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мынадай шарттар болған ретте өтінішті қарауға қабылдайды:

1) ұсынылып отырған инвестициялық жобаны қосылып қаржыландыру үшін қажетті өз ресурстарының болуы, олар осы жобаның жалпы құнының кемінде 15 п р о ц е н т і б о л у ғ а т и і с ;

2) мемлекеттік бюджеттің, бюджеттік емес мемлекеттік қорлардың алдында берешектерінің, сондай-ақ несие берушілер алдында өзге берешектерінің б о л м а у ы .

5. Инвестициялық жобаларды іріктеп алу ісін қорытынды ресімдеу және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылған сыртқы қарыз қаражаты пайдаланылған жобаның нақты экономикалық тиімділігін кейіннен бағалау арқылы конкурстық негізде Қазақстан Республикасының экономика және сауда министрлігі жүргізеді.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзі алған өтініштер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің оң қорытындысымен келіп түскен өтініштер бойынша жобаларды қаржыландыру ережелері жөнінде және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігінің бекітілген лимиті шеңберінде қорытынды дайындайды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен сыртқы қарыз қаражатын тарту есебінен қаржыландыруға ұсынылып отырған инвестициялық жобалардың тізбесін әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен сыртқы қарыз қаражатын тарту есебінен қаржыландырылуы жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

19-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдігінің н ы с а н ы

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетелдік несие берушілермен жасасқан мемлекеттік кепілдік беру туралы шарт (кепілдікті шарт), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жазбаша хабарламасы (кепілдікті міндеттемесі) нысанында болуға тиіс.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, кепілдікті шарт оған талаптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Кепілдікті міндеттеме берілген күнінен бастап күшіне енеді.

3. Әрбір инвестициялық жоба бойынша кепілдікті шартқа, кепілдікті міндеттемеге Қазақстан Республикасының Қаржы министрі не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерінің бәрі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін тәртіппен тіркелуге тиіс.

20-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдігінің мазмұны

1. Кепілдікті шартта және кепілдікті міндеттемеде:

1) инвестициялық жобаны Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қарыз тарту есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық

жобалардың тізбесіне енгізілгенде негізге алынған Қазақстан Республикасы
үкіметінің қ а у л ы с ы ;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіне қол қойған
л а у а з ы м д ы а д а м ;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін жалпы сома;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар сыртқы қарыз
бойынша қарыз алушының негізгі міндеттемесінің мазмұны;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілген мерзім
к ө р с е т і л у г е т и і с .

2. Кепілдікті шарт пен кепілдікті міндеттемеде осы баптың 1-тармағының 3) -
5) тармақшаларында көзделген ережелер болмаған жағдайда:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдігінің жалпы сомасы қарыз
алушы берешегінің жалпы сомасына тең;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі сыртқы қарыз бойынша
борышкердің барлық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді;

3) Мемлекеттік кепілдік сыртқы қарыз шарты бойынша міндеттемелердің
о р ы н д а л у ы м е н т о қ т а т ы л а д ы .

3. Кепілдікті шарт пен кепілдікті міндеттемеде осы баптың 1-тармағының 1)
тармақшасында көзделген талаптар болмаған не оларға осы Заңның 19-бабының
3-тармағын бұзып, уәкілетті емес адам қол қойған жағдайда Қазақстан
Республикасының мемлекеттік кепілдігі жарамсыз деп есептеледі.

21-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік к е п і л д і г і н о р ы н д а у

Егер Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдігінің ережелерінде өзгеше
көзделмесе, егер кепілдікпен қамтамасыз етілген сыртқы қарызды қарыз алушы
төлем мерзім басталған күні және несие беруші осы талаптарды қарыз алушының
қанағаттандыруына барлық орынды шараларды қолданғаннан кейін толық
немесе ішінара өтелмеген жағдайда,

шетелдік несие берушінің талап етуі бойынша ондай кепілдік төлем күні
келгеннен кейін, бірақ одан кейін кемінде 30 күннен кейін орындалуға
тиіс.

22-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар
сыртқы қарыз шарты бойынша алынған қаражаттың
пайдаланылуын бақылау

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар сыртқы қарыз
шарты бойынша алынған қаражаттың пайдаланылуын бақылау Қазақстан
Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. Шетелдік несие берушілердің мүдделерін қорғау

23-бап. Шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелердің күшін жоюға немесе оларды кейінге қалдыруға жол берілмеуі

Шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерінен туындайтын міндеттемелердің біржақты тәртіппен күшін жоюға немесе оларды кейінге қалдыруға болмайды.

24-бап. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерінен қорғау

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасы заңдарын бұзып қабылдаған және сыртқы қарызды тартуды, пайдалануды немесе өтеуді нашарлататын актілерінің заңды күші болмайды.

25-бап. Шетелдік несие берушілерге келтірілген зиянды өтеу және оның орнын толтыру

1. Соғыстың немесе басқа да қарулы жанжалдың, революцияның, төтенше жағдайдың, азаматты қақтығыстардың немесе сол сияқты жағдаяттардың салдарынан, сондай-ақ заңсыз нормативтік құқықтық актілер мен сот шешімдерінің қабылдануына немесе мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттерді жүзеге асыруына байланысты шетелдік несие берушілердің Қазақстан Республикасындағы мүдделеріне залал келтірсе, оларға Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына жоғарыда аталған жағдаяттар салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыру және (немесе) өтем төлеу кезінде қолданылатын қолайлылығы жағынан кем түспейтін режим ж а с а л а д ы .

2. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының сыртқы қарызды заңсыз тоқтата тұруын, пайдаланылуы немесе қайтарылуын шектеуінен келтірілген зияндар шетелдік несие берушіге заңсыз шешімді қабылдаған мемлекеттік орган қаржыландырылған бюджет қаражаты есебінен онымен келісілген валютамен өтеледі.

26-бап. Сыртқы қарызға байланысты қызметтегі жариялылық

Барлық нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ сыртқы қарыздарға қатысты сот шешімдері мүдделі тұлғалар үшін алуға оңай болуға тиіс.

5-тарау. Қорытынды ережелер

27-бап. Қолданылатын құқық

Қазақстан Республикасының құқығы, егер сыртқы қарыздың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігінің немесе шетелдік несие берушімен өзге де келісімдердің ережелерінде өзгеше тікелей көзделмесе, қолданылатын құқық болып табылады.

28-бап. Дауларды шешу

1. Сыртқы қарыз шартын жасауға және (немесе) орындауға, сыртқы қарыздың қайтарылмауына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беруге және орындауға байланысты даулар, сыртқы қарызға тікелей байланысты өзге де даулар мүмкіндігінше дауларды шешудің бұрын келісілген шарттарында белгіленген рәсімдеріне сәйкес не келіссөз арқылы, соның ішінде сарапшыларды тартатырып шешіледі.

2. Егер шетелдік несие беруші қатысатын мұндай даулардың кез келген тарап екінші тарапқа жазбаша жолдау жасаған күннен бастап үш ай ішінде келіссөз арқылы шешілуі мүмкін болмаса, дауласушы кез келген тарап шетелдік несие берушінің жазбаша келісімі болған жағдайда дауды шешу үшін Қазақстан Республикасының соттарына немесе мына төрелік органдарының біріне:

1) мемлекеттердің және басқа мемлекеттік азаматтарының арасындағы халықаралық дауларды реттеу жөніндегі конвенцияға сәйкес құрылған, егер инвестордың мемлекеті осы Конвенцияға қатысушы болса, 1965 жылғы 18 наурызда Вашингтонда қол қою үшін ашылған (ИКСИД Конвенциясы) Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа (бұдан әрі - Орталық) ;

2) егер инвестордың мемлекеті ИКСИД Конвенциясына қатысушы болмаса, Орталықтың (қосымша органның ережелері бойынша жұмыс істейтін) қосымша мекемесіне ;

3) Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) Төрелік регламентіне сәйкес құрылатын төрелік органдарға ;

4) Стокгольмдегі Халықаралық сауда палатасы төрелік институты жанындағы төрелік қарауға бере алады.

3. Егер тарап басқа тарапқа алғашқы жазбаша жолдау жасаған күннен бастап алты ай ішінде осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен дауды қарауға

жазбаша жауап алмаса, дау Қазақстан Республикасының соттарына берілуі
м ү м к і н .

4. Осы баптың 1-тармағының шеңберінде қамтылмаған өзге даулардың
бәрін, оның ішінде шетелдік несие берушінің Қазақстан
Республикасының заңды тұлғаларымен және азаматтарымен дауларын, егер
тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының
соттары шешеді.

29-бап. Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару
жөніндегі заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік
Осы Заңды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген
жауаптылыққа әкеп соғады.

30-бап. Қорытынды ережелер
1. Осы Заң өзі күшіне енгізілгеннен кейін туындаған құқықтық
қатынастарға қолданылады.
2. Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін туындаған және ол күшіне
енгізілгеннен кейін жалғастырыла беретін құқықтық қатынастар бойынша
осы Заңның нормалары сыртқы қарыздардың, берілген кепілдіктер мен
өзге де міндеттемелердің ережелеріне қайшы келмейтін бөлігінде
қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті